

Зияткерлік меншік саласында құқық бұзушылықтардың жолын кесу жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің Бірлескен жұмыс комиссиясындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілетті өкілі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 17 наурыздағы N 327 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 28 қазандағы № 1227 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.10.28 № 1227 Қаулысымен.

1998 жылғы 6 наурыздағы Зияткерлік меншік саласында құқық бұзушылықтардың жолын кесу жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімнің 7-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы жөніндегі комитеті төрағасының орынбасары Шолпан Тоқтарқызы Әбдіреева Зияткерлік меншік саласында құқық бұзушылықтардың жолын кесу жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің Бірлескен жұмыс комиссиясындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілетті өкілі болып тағайындалсын.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.22 N 1082, 2010.11.06 N 1168 Қаулыларымен.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі